

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяган Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Ісламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакведения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА

Әбсадық А.А.¹, Исенов Ө.И.²

¹Фил. ғыл. док., профессор.

²Т.ғ.к., профессор. А. Байтұрсынов ат. ҚОУ. Қазақстан, Қостанай қ.

Аңдатпа. *Kipicne.* 2017 жылы Қостанай облысы Ішкі саясат басқармасының бастамасымен Торғай даласына «Ұлы дала тұлғалары: Кейкі батыр ізімен» ғылыми-ағартушылық экспедициясы ұйымдастырылды. Оның мақсаты – Нұрмағамбет (Кейкі) Көкембайұлына қатысты ел арасында сақталған деректерді жинау, аты аңызға айналған батырдың туған, қайтқан жері, халық көтерілісінің айтулы оқиғалары өткен өлкеге сапар жасау, даңқты тұлға қатысты елімізде, облыс көлемінде жүргізіліп жатқан іс-шаралардың мән-маңызын түсіндіру сипатында болды. Мақала 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі болған Кейкі батырдың қазасына байланысты ел арасында айтылатын деректі талдауға құрылған. Ел аузындағы деректе ол Жалаулы өзекешесінің Жыланшық өзеніне құяр сағасында орын алған қанды қақтығыста отбасымен бірге қаза тапқан. Мақала авторлары қатысып жинақтаған ғылыми экспедицияның материалдарының негізінде Кейкінің қазасына қатысты зерттеулерді, ел арасындағы деректерді, қанды оқиға куәгерінің естелігін талдауға басты назар аударған. Даңқты батырдың қазасы туралы көпшілікке белгісіз жағдай мен жағдаяттарды баяндалған және Кейкі батырдың ерлік істеріне қатысты түйінді ойлар бедерленген. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

Түйін сөздер: тыңшы, отряд, қарақшы, жазалаушы, Торғай, 1916, жылғы, ұлт-азаттық, көтеріліс, маусым, жарлығы, экспедиция, Жыланшық, азаматтық, соғыс, мерген, Кунскамера, батыр, рух.

КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫ

Абсадық А.А.¹, Исенов Ө.И.²

¹Д.фил.н., профессор.

²К.и.н., профессор. Региональный университет имени А. Байтұрсынова. Казахстан, г. Костанай.

Аннотация. *Введение.* В статье рассказывается о кровавых событиях в местности Жыланшық-Жалаулы, связанных со смертью одного из лидеров национально-освободительного движения в Тургае в 1916 году Нурмагамбета (Кейки)-батыра Көкембайұлы. В 2017 году была организована экспедиция с целью изучения местности, где происходили исторические события и организации встречи с местными жителями Тургай, определения исторической значимости событий 1916 года. А также уточнение места смерти героя, описание основных событий Тургайского восстания и соратников Кейки-батыра.

Статья посвящена анализу исследовательских данных о смерти Кейки-батыра на основе собранных авторами материалов научной экспедиции. Подробно проанализированы данные и исследования, предоставленные авторами, а также данные и воспоминания о кровавых событиях, связанных с гибелью Кейки батыра в Жыланшық-Жалаулы. Авторы собрали устные сведения о

смерти известного казахского героя, который руководил наряду с Амангельды Имановым и Алиби Жангильдиным Тургайским восстанием.

Ключевые слова: Тургай, национально-освободительное движение, 1916 год, экспедиция, Жыланшык, гражданская война, мерген, карательный отряд, Кунтскамера, герой, степной дух.

KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY

Absadyk A.A.¹, Issenov O.I.²

¹Doctor of Philology, Professor.

²Candidate of Historical Sciences, Professor. A. Baitursynov Regional University. Kazakhstan
Kostanay

Abstract. Introduction. The article describes the bloody events in the Zhylanshyk-Zhalauly area associated with the death of one of the leaders of the national liberation movement in Turgay in 1916, Nurmagambet (Keiki)-batyr Kokembayuly. In 2017, an expedition was organized to study the area where historical events took place and to organize a meeting with the local people of Turgay in order to determine the historical significance of the events of 1916. As well as clarification of the place of death of the hero, a description of the main events of the Turgay uprising and the associates of Keiki-batyr.

The article is devoted to the analysis of research data on the death of Keiki-batyr based on the materials of the scientific expedition collected by the authors. A detailed analysis of data and research provided by the authors, as well as data and memories of the bloody events surrounding the death of Keiki Batyr in Zhylanshyk-Zhalauly. The authors collected oral information about the death of the famous Kazakh hero, who led the Turgay uprising along with Amangeldy Imanov and Alibi Zhangildin.

Keywords: Turgay, national liberation movement, 1916, expedition, Zhylanshyk, civil war, archer, punitive squad, Kuntskamera, hero, steppespirit.

Кіріспе

Ресей империясының колониалдық саясаты кезеңінде отар қамытын киген қазақ халқының азаттық жолындағы сан-алуан ұлт-азаттық көтерілістерінің мәні мен маңызы, ол оқиғалардың жетекшілері мен даңқты батырларының ғұмырнамалық тарихы Отан тарихы ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі екендігі белгілі (Исенов, 2020 а:13). Ұзақ жылдарға созылған колониалдық саясат нәтижесінде патша әкімшілігі қазақ жерін зорлық жолымен, алдау-арбау әрекетімен Ресей империясының меншігіне айналдырды. Бұған көнбеген қазақ халқы хан-сұлтандар, батырлардың бастауымен ірі-ірі көтерілістер, қозғалыстар ұйымдастырды. Сондай ірі оқиғалардың бірі – 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс. Ресей патшалығының құлауына себеп болған 1917 жылғы ақпан және қазан көтерілістерінің алдында орын алған аталмыш оқиға ұлт-азаттық көтерілістер тарихында ерекше орны бар. Монархиялық биліктің иесі патша 1917 жылдың ақпан айында тақтан өз еркімен бас тартқаннан кейін және сол жылдың қазан айындағы «большевиктер бүлігі» арқылы билікке келген кеңес үкіметі қазақ даласын басқарудың жаңа империялық тәсілін орнатты. Олардың билігі Ресей империясындағы бұратана халықтарға қағаз жүзінде ұлттық-территориялық автономия бергенімен, шындық өмірде мүлдем басқаша болды. Империяның алып территориясында азаттық соғыс өрті тұтанды. Кеңес үкіметі енгізген жаңа тәртіп жергілікті тұрғындардың ашу-ызысы мен наразылығын тудыруға әкеліп соқтырды (Исенов, Наурызбаева, 2016а:142). Алдымен Торғай даласындағы ұлт-азаттық көтерілістің қаһарманы, кейін азаматтық соғыстың құрбаны болған даңқты тұлғаның бірі – Нұрмағамбет (Кейкі) батыр Көкембайұлы. Мақаланың басты өзегі Кейкі Көкембайұлының кеңестік жазалаушы отряд қолынан қаза табу оқиғасын ел естеліктері негізінде талдау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі мазмұнына арқау болған басты деректер – кеңес дәуірі мен тәуелсіздік тұсында Кейкі батырдың қаһармандық ерлік істері туралы жазылған тарихи романдар, өлең-жырлар, өлкетанушылар жинаған естеліктер (Кейкі батыр, 2001:153), (Қылышбайұлы, 1997:193), (Әлмағамбет, 2000:180), (Нұрманов, 2005: 224), (Сүлеймен, 2017: 404). Бұған қосымша экспедиция барысындағы жиналған Кейкі батыр туралы ел естеліктері, мерзімдік басылымдарда, ғылыми конференцияларда жарияланған мақалалар пайдаланылды (Кейкі батыр (Нұрмағамбет Көкембайұлы), 2017:47) (Кейкі батыр: ерлік пен елдік тағылымы, 2017:94).

Жұмыстың әдіснамалық тұрғыдан негізіне тарих пен фольклортануда қалыптасқан негізгі қағидаттар басшылыққа алынды. Олардың қатарында тарихи-салыстырмалы әдіс, объективтілік, дәйектілік және нақтылық сынды әдіс-тәсілдер бар.

Бұл зерттеу тұлға тану бағытында жүргізілді. Зерттеуде қарапайымнан күрделіге және жалқыдан жалпыға қарай саралау үйлесімділігі, зерттеу барысында үнемі туындайтын сұрақтар негізгі сұрақтарға жауап беру мәселелері қаперге алынды. Кейкі батыр туралы халықтық таным мен нақты тарихи фактілердің өзара байланысының негіздемесі микротарихтан макротарих кеңістігіне өту тұрғысынан қарастыру міндеті қойылып, ол зерттеу барысында жүзеге асты.

Талдау

Қазіргі қазақстандық тарих ғылымында XIX-XX ғасырлар тоғысындағы қазақ қоғамының этно-өркениеттік дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалардың өмірлік белсенділігі туралы кешенді зерттеулер дамуының үрдісінің серпілісі байқалады. Айта кету керек, ұлт-азаттығы мен теңдігі жолында күрескен, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Амангелді Имановтың жорықтас серігі (Исенов, Шерзат, 2016а: 64). жарқын және ерекше тұлға 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы әрі көтеріліс басшыларының бірі Нұрмағамбет (Кейкі) батыр Көкембайұлының өмірі мен қызметінің тарихы туралы іргелі монографиялық еңбек әлі де жарияланған жоқ. Соңғы жылдары ғылыми танымдық тұрғыда жазылған өлкетанушылар мен ғалымдардың мақалалары көбейіп келеді. Солардың қатарында біздің де мақаламыз бар (Әбсадық, 2017: 57), (Исенов, 2020:18), Кейкі батыр туралы үзінді мәліметтер бар. Авторлардың Кейкі батыр қазасына қатысты мәселелеге негіз болған бұрын жарияланған дереккөздерінің жүйелі зерттелуі. Кейкі батырдың ғұмырнамасы бойынша жарияланған материалдарды талдау қазақ қоғамындағы әлеуметтің ел тәуелсіздігімен, ұлт-азаттық қозғалыс арқылы тәуелсіздікке жетуді мұрат тұтқан қазақ елі мен жерінің тұтастығын сақтауды көздеген ұлттық сана туралы тұжырымды қисынды түрде анықтайды.

Зерттеу нәтижелері

«Ұлы Дала тұлғалары: – Кейкі батыр ізімен» ғылыми-ағартушылық экспедициясы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Нұрмағамбет (Кейкі) Көкембайұлына қатысты ел арасында сақталған деректерді жинау, аты аңызға айналған батырдың туған, қайтқан жері, халық көтерілісінің айтулы оқиғалары өткен өлкеге сапар жасау, даңқты тұлға қатысты елімізде, облыс көлемінде жүргізіліп жатқан іс-шаралардың мән-маңызын түсіндіру тұрғысында жергілікті тұрғындармен кездесулер өткізу мақсатында ұйымдастырылды. Экспедиция 2017 жылы жүзеге асырылды (Кейкі батыр: елдік пен ерлік тағылымы, 2017: 94).

Экспедицияның таңбасына (эмблемасына) Қазақ даласынан табылған көне петроглифтер негізгі алынып, ол Кейкі батырдың ғұмырнамасынан хабар беретін штрихтар-мазмұндармен толықтырылды. Көне петроглифтағы адам бейнесінің бірінің басына «Ұлы Дала тұлғалары» атты жазу бар шаңырақ бейнеленді. Мұндағы рәміздік сипат – жансыз денесі қорланып бас сүйегі шабылған Кейкі батырдың қазақ елінің бейбіт өмірі (шаңырағы) үшін құрбан болғандығын

бейнелеу еді. Шаңырақ басты бейненің жанына мылтық кезенген аңшы, қазақ даласының еркін аңы киіктің және байрақ ұстаған салт аттының бейнелері берілген. Бұлар Кейкі ғұмырнамасына (мергендігі, батырлығы, лақап есімі) тән мазмұндарды рәміздейді Дала жануары киік – Нұрмұхаммед Көкейбайұлының жұрттан бөлектеніп, далада еркін жүргендіктен «Кейкі» деп аталған деген аңыздың сұлбасын, аңшы – Кейкінің дала кезгендегі кәсібі, ал байрақты салт ат – 1916 жылға көтерілістің сипаты болып табылады (1 сурет).

1-сурет. «Ұлы Дала тұлғалары: Кейкі батыр ізімен» ғылыми-ағартушылық экспедициясының эмблемасы.

Ғылыми сапардың арнайы ат басын тіреген жерінің бірі – Ұлы Жыланшық өзені. Ел аузында Кейкі батыр осы Жыланшық өзеніне құлайтын Жалаулы өзекшесінің құярлығындағы Сүтемген Жәкенінің қыстауында орын алған қанды оқиға кезінде қайтыс болған деген дерек бар.

Ұлы Жыланшық – Торғай даласындағы ұзын өзендердің бірі. Ол Ұлытаудан бастау алып, Ақкөлге құяды. Жыланшықтың бойын патша дәуірінде негізінен қыпшақ және бір болыс найман тайпалары жайлаған. Торғай өлкесінің тарихын зерттеуге алғаш қалам тартқан А.Добросмысловтың «Тургайская область» деген тарихи очеркінде аталмыш өлке «Жыланшық болысы» аталып, онда 1884 жылдары 8 ауыл, 1701 отбасы тұратыны тіркелген (Добросмыслов, 1902: 491). 1895 жылы Жыланшық болысындағы №1 ауылды бөліп, №9 және №10 ауылдар құрылады. Ал 1896 жылы Жыланшық болысының атауын өзгертіп, оны «Қайдауыл болысы» деп атай бастайды. 1916 жылғы көтерілістің негізгі ошағы осы Қайдауыл болысы болады.

Қайдауыл болысының көтерілістің басты ошағы болуының себебі негізсіз емес еді. XIX ғасырдағы патша отаршылдығына қарсы қару алып көтерілген ірі күрестің бірі Кенесары Қасымұлының тарихына да аталмыш өлкенің терең қатысы бар болатын. 1843-1844 жылдары Кенесары бастаған көтерісшілер Торғай даласына келіп, Жыланшықта қыстайды. Ел арасында қазақ рубасылары мен билері Кенесарыны Торғай өлкесінде (Ұлытау-Жыланшық бойында) Үш жүздің ханы етіп сайлаған деген аңыздық дерек сақталған.

Патша заманының зерттеушілері Кене ханның осы өлкені жайлаған жылдары оның атақ-даңқының артқан, күшінің көбейген тұсы деп баға береді. 1844 жылы Жыланшық өзенін бойын қыстап отырған ханның ауылына старшина Лебедевтің отряды тұтқиылдан шабуыл жасап, оның бір әйелін тұтқындап алып кетеді (Мейер, 1865: 61).

Жыланшық өзені бойында Кейкі батыр ғұмырының басым бөлігі өтті. Ұлт-азаттық көтеріліске дейін ол осы өлкені жайлаған Шашанбайдың Рахметінде бақташы-жылқышы болып қызмет етеді. Шашанбайдың Рахметі Торғай өңіріндегі бір шеті Бұқара-Ташкент өзбектерімен, екінші бір шеті Троицк, Орск, Орынбордағы саудагер татарлармен алыс-беріс, сауда-саттық жүргізген аса ауқатты, өте бай кісі. Кейкінің есімін атауға тыйым салынған кеңес дәуірінде батыр туралы «Құланның ажалы» атты романында Шашанбайды «Шарбақбай» деп атайды. Романда Шашанбайдың байлығы «Шарбақбайлар бір жағы Троицк, Жаманқалаға өгіз айдатып сатып, бір жағы ана шеті Қарсақбай, мына шеті Арақарағай, тіпті туу Қорғаннан жылқы алдырды-ау» (Нұрманов, 2005:24), – деп суреттелетін тұстар бар.

Мың-мыңдап жылқы айдаған Рахмет мал-мүлкін, отбасын қорғау мақсатында өз аулында қарулы топ ұстаған. Көтерісшілер патша озбырлығына қарсы көтерілгенде оларды қару-жарақпен Шашанбайдың Рахметі сынды бай кісілер қамтамасыз еткені сөзсіз. Кейкінің мылтық атып, қару ұстаған алғашқы тәжірибелері аталмыш кісіде қызмет етіп жүрген кезінен басталғаны анық. Өйткені 1916 жылғы көтеріліс басталғанда Кейкі – кәнігі, тәжірибелі мерген. Сондықтан Аманкелді оны мергендер тобының басшысы етіп сайлайды.

Батыр 1922 жылы Жыланшық бойында кеңес үкіметінің жазалаушы отрядының қолынан отбасымен түгел қаза табады. Ел ақсақалдарының айтуынша, Ә.Жангелдин Кейкі мергенге А.Токарев арқылы хат жазып, «қаруыңды таста, кеңес үкіметіне бағын, ол сені кешіреді, қызмет береді-мыс» деген мазмұнда хат жазады. Әккі Әліби Жангелдин ол хатты тапсыруды Кейкінің қанды көйлек досы А. Токаревке жүктейді. Аңғал батыр Ә.Жангелдинге және А.Токаревке сенгеннен кейін қару-жарағын тастап, жасағын таратып, Торғай бекінісіне жол тартады. Сол жолда ол А.Токаревтен секем алып, оны өлітіріп, осы Ұлы Жыланшық өзенінің бойын тасалайды. Ұлытаудан бастау алатын бұл өзен Кіші Жыланшықтың қосылуынан күшейіп, Ұлы Жыланшық аталады.

Батырдың аталмыш өзеннің бойына жасырынуының, біздіңше, бірнеше себебі болған секілді. Біріншіден, Ұлы Жыланшық өзенін жағалай отырып Ұлытау немесе Қарақұм асып, бой тасалауды мақсат етсе, екіншіден, аталмыш өзеннің бойы өзіне әбден таныс, үшіншіден, өзеннің жықпыл-жықпыл қойнауы, географиялық орналасуы із жасыруға қолайлы болды. Соңғы уәждің растығын біздер Жыланшық өзенінің спутниктен түсірген суретін көргенде анық аңғардық (2-сурет.).

2-сурет. Жыланшық өзенінің Googlee іздеу жүйесі арқылы спутниктен түсірілген кескіндемесі

Спутниктен алынған кескіндемені көргенде біздер Кейкі батырдың Жыланшық бойын не себептен тасалағанын түсінгендей болдық. Себебі Ұлы Жыланшық өзені кәдімгі жыландай ирелендеп, бұралаңдап ағып, жықпыл-жықпыл қолтық құрайды. Жағалау тік жарлы, суы терең, яғни судың арғы беті мен бергі бетіне өту оңай емес. Мұндай географиялық жағдай қашқынға өте қолайлы. Сондықтан Кейкі батыр Ұлы Жыланшықтың бойын тасалайды.

Сонымен қатар өзенінің спутниктен алынған кескіндемесі бізге өзеннің не себептен «Жыланшық» аталатынын тұспалдайтын мәлімет бергендей болды. Ел арасында «Жыланшықтың» атауы өзенде жылан көп болғандықтан деген шыққан деген сөз бар. Рас, қазақ жерінде «Жыланды» деген жер атаулары баршылық. «Жыланды», «Жыландытау» сынды топонимдер қазақ даласының әр тұсынан кездеседі.

Қазақтардың негізгі танымында жылан - суды емес, жерді мекендейтін жәндік. «Су жыланы» деген де ұғым бар. Десек те, оны қазақ танымында «ордалы жылан» түсінігі кең орныққан. Ордалы жыландар сусыз құдықтарда, шұңқырларда, үнгірлерде мекендейді, «жүздеген, мыңдаған жыландар бір-біріне оралып, үйіліп жатады» деген түсінік осыған байланысты айтылады. Егер адам ордалы жыланның біреуін абайсызда, болмаса әдейі өлтірсе, онда қалған жыландар әлгі адамды қай жаққа кетсе де тауып алып өлтіреді деген түсінік те қазақтың сенім-нанымынан орын алғандығы белгілі.

«Ордалы жылан» түсінігі – ежелгі «жылан елі, жыландар мемлекеті» деген түсініктің сарқыншағы. Бұл орайда «Ер Төстік» ертегісінің мазмұнын еске түсірейік. Төстік жер астына түсіп, жылан патшалығының билеушісі Бапы ханның еліне бармайтын ба еді? Бұған қоса көне эпсаналардың бірінде Сыр бойындағы Жаркент қаласының қирауы ордалы жыланның қаптауынан деп айтылады. Онда ашушаң қала билеушісі әулие кісінің қарғысқа ұшырап, оның киелі дұғасы нәтижесінде қалаға ордалы жылан қаптайды.

Қазақ халқында үйге жылан кірсе, «жер астынан жаман ниетпен шықты» деп басына ақ құйып, шығарып сауу ырымы бар. Демек, жылан - су астын емес, мекен жайын, інін жер астынан дайындап, азығын жер мен су үстінен табатын жәндік.

Ұлы Жыланшық гидронимінде халықтың өзен-су атауының арнасының көлеміне және оның ұзын-қысқалығы қатысты таным-түсініктері орын алған. Бұл жерде атаудың «ұлы» бөлігі ұзындыққа қатысты болса, кішірейтпелі мағына беретін «шық» қосымшасымен жасалатын «жылан» деген екінші бөлігі өзен арнасының жіңішкелігіне және ирелеңдеп ағатына байланысты қалыптасқан. Басқаша айтқанда, қазақ танымында «Ұлы Жыланшық» «арнасы жіңішке үлкен, ұзын өзен», ал «Кіші Жыланшық» «арнасы жіңішке қысқа өзен» деген мағына береді (Әбсадық, 2017: 57).

Ұлы Жыланшық гидронимінде халықтың өзен-су атауының арнасының көлеміне және оның ұзын-қысқалығы қатысты таным-түсініктері орын алған. Бұл жерде атаудың «ұлы» бөлігі ұзындыққа қатысты болса, кішірейтпелі мағына беретін «шық» қосымшасымен жасалатын «жылан» деген екінші бөлігі өзен арнасының жіңішкелігіне және ирелеңдеп ағатына байланысты қалыптасқан. Басқаша айтқанда, қазақ танымында «Ұлы Жыланшық» «арнасы жіңішке үлкен, ұзын өзен», ал «Кіші Жыланшық» «арнасы жіңішке қысқа өзен» деген мағына береді.

Жыланшыққа құятын өзеннің бірі – Жалаулы. Жалаулының бойы да ойлы-қырлы, жықпыл-жықпыл сайлары бар, қашқан кісіге жасырынып жүруге қолайлы. Жалаулыдан ары қарай Ұлытау сілемдеріне шығып кетуге болады. А.Токаревті өлтіргеннен кейін жазалаушы отрядтан қашып Жыланшық арқылы Ұлытау аспақ болған Кейкі батыр Жалаулы өзегінің бойындағы Сүтемгеннің Жәкенінің қыстауына ат басын шалдырады. Жәкеннің қыстауының орны бұрынғы «Родник» совхозының орнын көктей өтіп, Жыланшықтан шығатын Жалаулы өзеншесін жағалай жүріп отырғанда кездеседі. «Родник» совхозының тұрғындары 90-жылдары орын алған күйзеліс кезінде жан-жаққа көшіп, тарап кеткен. Қазіргі таңда совхоз тұрғындарының қираған үйлерінің орны, яғни көне жұрты жатыр. Қазіргі атауы - «Рахмет». Аты бар, заты жоқ ауыл Аманкелді кентінен шамамен 110 шақырым жерде.

Жалаулы өзеншесінің Жыланшықпен қосылар құярлығында «Родник» совхозының қорымы бар. Қорымның жанынан Жалаулы өзеншесін жағалай шығатын қара жолмен 3-4 шақырымдай жүргенде, Кейкі батырға туған-туыстары тарапынан 1996 жылы арнайы қойылған қоршау, қайтқан кісілердің аты жазылған арнайы құлпытас белгі кездеседі (3-4 сурет). Жәкен қыстауының орны осы белгі қойғандықтан ғана белгілі болып тұр.

3-сурет. Жалаулыдағы Кейкі батырдың басына қойылған белгі

4 сурет Кейкі батырмен Жалаулыда бірге қайтыс болғандарға қойылған белгі

Жалаулыда болған оқиға туралы жергілікті өлкетанушылар тарапынан жазылып алған тірі куәгердің естелігі бар. Оқиға куәгері болған кісі – Сүтемген Жәкеннің туған қызы Бибіжамал. Жәкенқызы Бибіжамал – сол кезде 14 жастағы бала. Ол кісінің естелігін 1976 жылы 19 желтоқсан күні «Родник» совхозының «Боқай» бөлімшесіне іссапармен барған белгілі өлкетанушы Бөгетбай Әлмағамбетұлы «Күздік» деген жерде отырған шопан үйіне (Бибіжамалдан туған қыздың үйі) Арқалық ауданы «Аңғар» совхозынан қонаққа келіп отырған жерінен жазып алады. Аталмыш естелікті автор өзінің «Торғайдағы азаттық көтерілісі» атты тарихи очеркі кітабына жариялайды. Өлкетанушы естеліктің жазылып алған уақытын, дерек беруші туралы мәліметтерді тіркеп, зерттеушіге тән кәсібилікті таныта білген. Мұндағы мәліметтерде Кейкі туралы жазба деректерден ұзын сонары, сұлбасы сақталған. Оның үстіне бізге Кейкінің өлімі туралы ақпарат беруші ақсақалдардың дені Б.Әлмағамбетұлының жазғандарына және батырдың рухына көркем туынды арнаған ақын жазушылар да сол ақпаратқа сүйенетіндігін байқадық (Кейкі батыр, 2001:153). Сол себепті Кейкінің қайғылы тағдыры душар болған Жалаулы қанды оқиғасы туралы баянымызға «Торғайдағы азаттық көтерілісі» кітабындағы мәліметтерге тоқталып, оны «індетіп талдауға» тура келді.

Кейкі мергеннің Жалаулыға келуі. «...Жәкен Сүтемген ұлының қыстаудағы қызыл үйі өзен (Жалаулының – авторлар) аңғарының орта тұсына таман орналасқан. Өзеннің аңғары үлкен биік қыратты жарып өткендей. Басы сонау Жыланшық түрмесінен (өзеннен түріле шыққан биік, қырат мағынасында – автордың түсініктемесі.) алады. Жыланшыққа қарағанда Жалаулының суы тұщы. Көктемде қар суымен толатын құлама өзен. Екі беті сыңсыған ел. Аңғардағы үйді қырқа тасалап тұр. Осы елге алдында Кейкінің Торғайға кеткені туралы хабар жеткен. Іле Кейкі Александр Токаревті атып кетіпті деген хабар келді. Бір пәледен мың пәле туындап, елдің дуылдап жатқан кезі ғой. Жыланшық бойы дүрлігіп, үкімет нұсқауымен Кейкіні ұстауды ақылдаспаққа Тоқпан Көшкінбай байдың Майдамтал жағындағы үлкен қызыл үйіне жиналуға аттанған. Ішінде Бижамалдың әкесі Жәкен де бар (Әлмағамбет, 2000:109).

Кейкі өз адамдарымен Сүтемген Жәкен отырған Жалаулының арғы бетіндегі ескі қыстауында отырған Құлан Жалмағамбеттің үйіне түскен екен. Інісі Шәукенді жіберіп, Жәкеннің қатыны Зәурені шақыртады. «Жалмағамбеттікіне келсін, сыбағамды ала келсін», – деп сәлем айтады. Зәуре қазы, қарта, сыбағалық етін алып, қорықса да Жалмағамбеттікіне келеді. Кейкі үйдің жанындағы қарды сызып, намаз оқып:

– Майдамталдағылар мені күткендер, ертең қызыл көтен болады, әмин, – деп бата қылады (Әлмағамбет, 2000:109).

Мұның алдында Зәуре Жалаулының қызыл суынан өтіп, Кейкіні шақыртып алып, ат үстінде сөйлескен жаман киімді, ешкім танымасын деп бетін таңып алған біреуді көреді. Бұл Сазан Шошайдың ағасы Ақтамыш екенін Зәуре айтпай-ақ таныған. Сазан Шошай өткен күзде Қарақұм жақта дүкен тонап, бір қызыл нар мен қасқа атқа дүние тиіп әкеліп осы ауылдарға әрекет салғаны бар. Сазан Үсенбай дегеннің белетесіне тыққан екен. Екі орыс індете қуып келіп, сабап қорқытқаннан кейін тауып берген. Шошай сол бетімен Сазан Сарыағындағы (шағын ауылдың қотанындай кішкентай қопашық) үйіне келіп, маяның астына қос тігіп, қыстай тығылып жатқан. Кейкінің Жалаулыға келгенін естіп, қайда, қалай жолығарын сұрап, ағасы Ақтамышты жансыздыққа жіберген екен. Кейкі Шошайды Жәкен үйінде күтіп алып, таң алдында Майдамтал аспақ болған. Кейкінің Зәурені шақырту себебі содан өзгерген. Кейкі сол Шошай үшін Майдамталға сол күні аттанбай, қонып қалуға мәжбүр болады (Әлмағамбет, 2000:110).

Сол екі арада Жалмағамбеттің үйіне Ожан Қарабайдың Асқары мен Тоқпан Жекебайдың Жақсылығы келіп қалды. Асқардың астында семіздіктен жараған күрең ат бар екен. Алыс жолға жүргелі тұрған Кейкі Асқардың атын сұрайды. Асқар бермеген. Асқар – Рахметке жақын туыс: кешегі Қайдауыл мыңбасы Әлжанның туған інісі. Кейкімен жақсы таныс, әрі туыс, сыйлас адам. Ол атын берігісі келмейді. Екеуі ренжіседі. Жанжалмен Кейкі ішке кіріп кеткенде, Асқар қашып кеткісі келеді. Асқар аттан түспеген. Кейкі атамды деп қорқытқан:

– Сенен маған күрең ат пайдалы, – депті Кейкі Асқарға. – Жесем тамақ, мінсем көлік.

Екеуінің арасына Зәуре түскен. Асқарды Зәуре «Кенжесары» дейді екен.

– Кенжесары, сен мұны баяғы Шұбар деп тұрсың ба? Бұл әбден қанына қарайған: атады да кетеді. Атты бер, – деп, Асқардың аяғын үзеңгіден шығарған.

Асқар Кейкіге:

– Мен жаяу қаламын ба? Маған не бересің?» – деп, амалсыз аттан түскен.

Кейкі оған бір жаман ат пен жаман ер тоқым берген. Асқар соны мініп, осыдан 4-5 шақырым жердегі Рахмет ауылына келіп, Кейкіні іздеп келе жатқан отрядтың үстінен түседі. Олар Кейкі Майдамтал асып кетті, ертең іздейміз деп отыр екен...» (Әлмағамбет, 2000:110).

Жәкенқызы Бижамалдың естелігінің осы бір үзігінен мынадай мәліметтерді байқаймыз:

1. Кейкі – аса діншіл адам. Оның жайнамаз орнына ақ қар үстіне сызық сызып, намаз оқып, қонақасы ретінде алып келген асқа бата оқығаны осыны аңғартса керек.

2. Кейкі батыр алдымен өз ағайыны Құлан Жалмағамбеттің үйін паналаған. Сазан Шошаймен кездесу үшін Сүтемгеннің Жәкенінің қыстауына барады.

3. Кейкінің А.Токаректі атып қашып кетуі, Қарақұмда дүкен тонаған қарақшы Сазан Шошайдың Кейкімен байланысуы ел арасында түрлі қауесет жүріп, дүрбелең тудырған. Кейкі үкіметке қарсы қару кезген қарақшы ретінде бағаланып, оның жолын кесу үшін жазалаушы милиция ел ішіне іріткі салып, тыңшы қойып, батырдың басқан ізін аңдып отырғандығы байқалады (Келте, 1922).

Кейкі қызмет жасаған Рахмет байдың жақын туысы, көтеріліске қатысқан Қайдауыл Әлжан деген кісінің туған інісі болып келетін Ожан Қарабайдың Асқарының батырға бір жарау ат қимай, оның Жәкеннің үйіне кеткенін қуғыншы отрядқа айтып сатқындық жасауы, ел ағаларының Кейкіні ұстау мақсатындағы әрекеттері – жаудың алыстан емес, іштен шыққандығын байқатады. Кейкінің ескі мазарының қабырғасына қойылған көк тасқа қашалып жазылған салауаттағы:

Атқа салдым терімді,
Бермедім жауға елімді.

Мұсылманнан жау шығып,

Сындырдың Алла белімді, –деп келетін өкініштің шындық өмірдегі болған көрінісінің жырдағы кестесін бейнелейтіні анық (Әбсадық, 2017: 34).

4. Естелікті айтушы батырдың інісі Ермағамбеттің «Шұбар» деген лақап есімін Кейкінің лақабымен шатыстырған.

Қарабайдың Асқары («Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында қызы Баянды жетім Қозыға бермей, мал-мүлкін құтқарған Қодарға бермек болған кейіпкердің аты да Қарабай еді - авторлар) астындағы атынан, қасындағы серігі Токпан Жекебайдың Жақсылығын Кейкі «тыңшысың» деп ұстап алып қалғанына ызаланып, Рахмет байдың аулына келіп жатқан қуғыншы отрядқа Кейкі батырдың Жалаулының арғы бетіндегі Сүтемген Жәкеннің үйіне барып қонуды жоспарлап отырғанын айтып қояды.

Қанды қақтығыс. «...Қуғыншылар қосыны мына хабарды естіп, Кейкі тобын ұстаудың қамына кіріседі. Ауылға айнала күзет қойып, ешкімді шығармайды. Барлау жүргізіп, күзеттің жоқтығын анықтаған. Қуғыншыларды алаңдатқан мәселе Жәкеннің үй-ішін қырып алмау. Олар сол үшін де өте сақ қимылдауға мәжбүр болған (Әлмағамбет, 2000:111).

Зәуре Жалмағамбеттікінен оралып, Кейкі тобын қабылдауға үйін дайындаған. Олар Кейкі, әйелі Ақжан, інісі Шәукен, Қарақұмнан бірге келген үш жігіт: Уәли, Жақыбай, Жақып – Сазан руынан, тұтқынға алынған екі орыс жігіті. Барлығы 8 адам, қос ат, қос қоржыннан. Бұл кезде көктемгі жайлауға шығуға әзірленіп жатқан. Тері қайнатқан (жосамен бояу). Ерте туған арамзаға (ерте туған қозы-лақты қазақ осылай атаған- түсініктеме біздікі) малшысы Құлан Ділдебайдың үйін босатып, киіз үйге шығарған екен. Сол күні Ділдебай үйде болмапты. Әйелі Құныш қана бар. Кейкілер үйге кіріп жайғасқан. Екі адамды күзетке қойған. Тұтқын екі орыстың қолдарына кісен салған.

Жекебайдың Жақсылығын «жансызсың», мойныңа тас байлап, суға тастаймын, саған оқ шығармаймын деп қорқытқан. Оған да кісен салған. «Пәлесін бізге қалдырма, онан да мені өлтіріп кет», – деп Зәуре қолқа салып, маған көмектессін деп сұрап алған. Кейкі Зәуреге өзінің өкпе-назын айтқан.

– Мен Сүтемгеннің бес баласының бірімін деуші едім. Сендер мені әлі баяғы жылқышы Шұбар деп есептейсіңдер. Мені ашта азық, тоқта туыс қылғыларың келеді. Жәкендікі жөн болсын. Жаман Зікірия менен неге қашты қарсы алмай?

Кейкі Ақыжанды Ұлытаудағы аста кездестіріп, қалай үйленгенін әңгімелеген. Біраз уақыттан кейін күзет қойып, өзі ұйықтап қалған. Зәуре Кейкілердің жол азығына деп, өздері қоржынға салып жүрген қазы, қарта, шұжық және басқа еттерді пісіреді. Кірлерін жуады.

Ділдебайдың үйде жоғын пайдаланған Шәукен күзетшілік орнына Құнышты айналдырмақ болады.

Зәуре бұларды ертерек жөнелту мақсатымен Уәлиді ұйқыдан оятып, су әкелуге жұмсаған. Оны екі адам ұстап алып, тергеуге алған. Кейкінің жәй – күйін білген. Осы екі арада Ақжжан есіктің ашықтығын пайдаланып, далаға шығып, үйді айнала қоршап жүрген адамдарды көріп, қайта кіріп Кейкіге хабар берген.

– Көзіме қан толып кетті-ау, – деп екі рет қайталап, Кейкі қаруына ұмтылған. Ақжжан Зәуреге: Бәйбіше-ай, жау қоршап алды. Құрыдық-ау, – дей беріпті (Әлмағамбет, 2000:113).

Зәуре бес баласын бір бұрышқа жинап, көрпе, киізге орап тастаған. Атыс басталған. Кейкі жалғыз атысқан. Екі күзетшісі мен Уәлиден қайыр жоқ. Шәукен киіз үйден үш рет шыққан. Бірінде әйел киімін киіп, құтылғысы келген. Милициялар үйге қуып тыққан. Кейкі ашық терезеден атысқан. Есікті ашып қалып оқ атқан. Оқ таусылуға айналған. Өйткені, бұл Кейкінің Александр мен оның екі жігітінен алған қаруы ғой. Кейкіде үш граната бар екен. Кебеже, сандық алдырып, шошаланың төбесіне шығып тастаймын деген. Екі тұтқын орыс жігіттің бірі қазақша жақсы біледі екен. Кейкі Жәкеннің үй-іші мен Ақжжан аман қалсын деді ме, қандай оймен айтқаны белгісіз:

– Аналарға хабарла, атысты тоқтатсын. Сөйлесейік, – деген. Кейкінің орысша білмейтінін пайдаланып, әрі сөз сөйлесуге рұқсат берген соң, олар қуғыншыларға: бұл есікті ашып атысқанда, біз итеріп қаламыз. Дайын болыңдар, – деп дауыстаған.

Кейкі осылайша оққа ұшқан. Жәкеннің 14 жасар, 1910 жылы туған қызы Бижамалдың оң жақ қарын етіне оқ тиген. Шафих деген жасақтың командирі болуы керек: «Қазір мына соғыс бітсін. Өзім емдеп, жазып беремін» деген. Сөйтіп, азаттық үшін арыстандай арпалысқан. Кейкі батыр қаза тапты. Айы – күніне жетіп отырған Ақжжан атылды. Шәукен мен Кейкіге ерген үш жігіт те оққа байланды...» (Әлмағамбет, 2000:112).

Бибіжамал Жәкенқызының естелігінен Сүтемген Жәкеннің әйелі Зәуре өте ақылды кісі болғандығы байқалады. Күйеуі Кейкіні ұстау жолында ел ағаларымен ақылдасып жүргенде, ол ашынған, көзіне қан толған Кейкінің ызасын келтіре бермей, ағайын кісінің қонақжайлығын танытып, бір топ адамды күтіп бағады. Ағайын арасына жік түсіруге ұмтылады. Кейкі батырдың оған:

– Мен Сүтемгеннің бес баласының бірімін деуші едім. Сендер мені әлі баяғы жылқышы Шұбар деп есептейсіңдер. Мені ашта – азық, тоқта – туыс қылғыларың келеді. Жәкендікі жөн болсын? Жаман Зікірия менен неге қашты қарсы алмай? – деп мұң-шерін айтуы – көп нәрсені аңғартса керек.

Кейкінің өзі батыр болғанымен, жанындағы серіктері жауынгерлікке лайық болмай шығады. Інісі Шаукен күзетшілікті пысықтау орнына, күйеуі жолаушылып кеткен әйелге қырындап, қырағылықты жойып алады. Қарақұмнан еріп келген жігіттер қару ұстауға икемсіз болып шығып, Кейкі жаумен жалғыз айқасады. Ақырында өзі А.Токаревті өлтігенде тұтқындап алған кісілердің аярлығынан қаза табады.

Қанды оқиғадан кейінгі қорлық. «...Екі тұтқын өз адамдарына қауышты. Жақсылықты босатып жіберді. Түнде басталған атыс сәскеде аяқталды. Бижамалдың қолының қанын жуып, мылтық дәрісін үгіп, жағып таңып берді. Есіктің алдында алты адамның өлігі жайрап жатты. Милициялар Кейкінің басын кесіп, қоржынға салып алып, аттанып кетті. Сазан Шошай Жәкен үйіне келе жатып, атысты естіп, кері қайтып кеткен. Маңайдағы бүкіл ел келіп, сойқанды көздерімен көріп, күңіренді. Мыналардың амандығын білді. Алғашқы келгендердің ішінде Асқар бар еді. Сол күні қанды оқиғаны естіп, Майдамталдан Жәкен келіп жетті. Өліктер жиналмаған күйі қалай болса солай жатыр. Бір пәлесі жұға ма деп жұртта зәре жоқ. Осыны ойлаған Жәкен қос атпен қуып милиция тобына жетті.

– Біздің есімізден шығып кетіпті, – депті олар ештеңе болмағандай. – Бір шұңқыр қазып, бәрін бір жерге көміңдер.

Үш жігіт әкеліп, тапсырма бойынша Кейкінің бассыз денесін ең астына тастап, бәрін бір жерге көмген. Арада 20 күн өткенде Токаревтің баласы келіп, әкемді өлтірген адамды анықтаймын деп, өліктерді қаздырып шығартады. Кейкінің сүйегін бөлек қойдырып, жүгіріп, секіріп жүріп қылышпен шапқылайды. Оң қолын кесіп әкетеді. Сөйтіп, тіріде әлі келмегендер Кейкінің жансыз денесіне «асқан зор батырлық» көрсеткен (Әлмағамбет, 2000:113).

– Сенің аттан зорлағандай етіп түсіргенің жақсы болды, – депті Асқар Зәуре жеңгесіне. – Намыстанып түспейін деп тұр едім. Онда мені атып кетуі сөзсіз еді.

Азаттық үшін арыстандай арпалысқан Кейкі батыр осылай қапияда қаза тапты. Жұмыр басты пендеге әйтеуір бір өлім бары хақ. Бірақ бұл жолы батырға үнемі куғында жүргендіктен амалсыз серік қылған Шошай қарақшының кесірі тиді. Күзетшілері жауапсыздық жасады. Егер Кейкі ат үстінде болып, ашық шайқасқа шықса шамалы қолға алдыра қоймас еді. Дұшпанын мысымен-ақ басып, жайратар еді».

Кейкі батырды өлтірген Дудиннің басқарған милиция отрядының жауыздығы адамның тұла бойын тітіркендіреді. Кейкінің басы кесіледі, інісі Шұбар өлтіріледі: бәрінен бұрын аяғы ауыр жұбайы Ақжанның ішін жарып, дүниеге келмеген сәбиді өлтіруін айуандықтың шегі демеске лаж жоқ. Милиция отряды өлгендерді көмусіз қалдырады. Сүтемгеннің Жәкені олардың артынан қуып барып өлген кісілердің көміп кетуін талап етеді. Сонда олар Кейкінің денесін ең астына салып, үш мүрдені бір шұңқырға тастайды. Кейін Токаревтің баласы әкемді өлтірген кісінің денесін өз көзіммен көрем деп шұңқырды қайта қаздырып, шабылған бас аз болғандай, Кейкінің бір қолын шауып алады (Әлмағамбет, 2000:113).

Б.Әлмағамбетұлының Жәкенқызы Бибіжамалдан жазып алған аталмыш естіліктегі мәліметке жақын деректі өлкетанушы Шөптібай Байдилдин де келтіреді. Бірақ ол Жалаулыдағы қанды оқиғада қаза тапқан Кейкінің басы емес, қолы кесілген деген деректі алға тартады (Байдилдин, 2011:91). Ш.Байдилдин де Жәкенқызы Бибіжамалды көргенін, бірақ Кейкінің өлімі туралы деректі ақсақалдардан алдым дейді. Соның бірі әкемнің інісі Сейітқасым Жамбылұлы еді дей келе, Кейкімен болған атысқа ол кісі орыстар жағынан оққағар болып қатысқанын, Кейкінің қолы шабылғанын сол кісі көргенін, сонымен қатар «быржиып ісіп кеткен» қолды оның көршісі Тұрсын ақсақалдың шешесі (Тұрсынның кім екені, оның шешесі туралы деректерді жазбайды) де көргенін жазады (Байдилдин, 2011: 91).

Ш.Байдилдиннің мәліметі Кейкі батыр туралы жазылған жазба деректерге, ауызша мәліметтерге де, бүгінгі таңда орныққан ақиқатқа да мүлдем кереғар, қарама-қайшы. Сондықтан біздер Кейкінің өлімі туралы ауызша жеткен мәліметтерді салыстыра келе Бөгетбай Әлмағамбетұлының дерегі шындыққа жақын деп танымыз.

Жалаулы оқиғасынан кейінгі хайуанға тән айуандық батырдың басын Торғайда қорлау ісінде жалғасын табады. Жазалаушылар Кейкінің басын Торғай бекінісіне апарып, кезінде патша армиясының әскери гарнизоны болған, сол тұста Ревкомның кеңсесі болған ғимараттың алдындағы темір бағанға іліп қояды. Сол жерде кесілген бас 2-3 күн тұрады. Содан кейін жергілікті жұрт ызаланып, бұл не сұмдық деген әңгіме шығараған соң батырдың басын Орынборға қарай аттандырады. Одан әрі батырдың басы Орынбордан Санкт-Петербургтегі Кунскамераға қарай асады...

Батырдың бас сүйегі араға 94 жыл салып қазақ даласына оралды. Жау қолынан қаза тапқан Кейкінің сүйегі кезінде жұрт көзінен жасырылынып, жерге арулап берілмесе де, кіндік қаны тамған Тасты өңірінде батырдың сұлбасы дулығасын бейнелейтін жаңа мазар салынып, жер қойнына құрметпен берілді. Аңызға айналған Кейкі батыр рухы осылайша туған елге қайта оралды.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

Әбсадық А. Бір жоқты бір жоқ табады // Кейкі батыр: елдік пен ерлік тағылымы. Дөңгелек үстел материалдары. – Қостанай, 2017. – 94 б.

Әлмағамбет Бөгетбай. Торғайдағы азаттық көтерілісі (тарихи очерк - зерттеулер). – Астана: Әлем. 2000. – 180 б.

Байдилдин Ш. Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым. – Екібастұз, 2011. – 416 б.

Добросмыслов А.И. Тургайская область (Исторический очерк). // Известия Оренбургского отдела Императорского русского географического общества, Выпуск №17. Тверь, 1902. – С. 257-524.

Исенов Ө. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және алаш зиялылары [Мәтін] / Исенов Ө., Наурызбаева Э. К. // «Алдамжар оқулары – 2016»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қостанай: академик З.Алдамжар атындағы ҚӘТУ, 2016. – 142-146 б.

Исенов Ө. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қаһарманы Кейкі батыр [Мәтін] / Исенов Ө., Шерзат А. // «Әлихан Бөкейхан және Алаш тағылымы»: материалы республиканской конференции, посвященной празднованию юбилея государственного деятеля, лидера партии «Алаш» А. Букейхана под эгидой ЮНЕСКО и 80-летию Костанайской области. – Костанай: КГУ им. А. Байтұрсынова, 2016. – 63-65 б.

Исенов Ө. Батырлар институты: эволюциялық даму [Мәтін] / Ө. Исенов // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журнал. – 2020. – №1 (178). – 13-15 б.

Исенов Ө. Торғайдағы 1916 жылғы көтеріліс: жүзбасы Қайранбай Малшыұлы. [Мәтін] / Ө. Исенов // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журнал. – 2020. – №5 (182). – 16-18 б.

Мейер Л.Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба, т. 10, 1865. – 382 с.

Кейкі батыр. Тарихи дастан. – Алматы: «Білім», 2001. – 153 б.

Кейкі батыр (Нұрмағамбет Көкембайұлы): өмірі мен өлімінің тарихы. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Қостанай-Арқалық, 2017. – 47 б.

Кейкі батыр: ерлік пен елдік тағылымы» атты дөңгелек үстелдің материалдары. – Қостанай, 2017 ж. – 94 б.

Келте Қара. Қазақстанда Торғай уезінде аламаншы құрылды. // Ақ жол. – 1922. – 6 май. – № 169.

Қылышбайұлы Ө. Құлан Қыпшақ Кейкі батырдан соң. – Арқалық, 1997. – 193 б.

Нұрманов А. Құланның ажалы: Роман. – Алматы: Раритет, 2005. – 224 б.

Сүлеймен М. Кейкі Көкембайұлы. – Павлодар: ЖК «Сытина Н.И. баспаханасы», 2017. – 404 б.

References

Absadyk A. Bir joqtı bir joq tabady [One finds the one without the one] // Keiki batyr: country and heroic lessons. Round table materials. – Kostanay, 2017. – 94 p. [In Kazakh].

Baidildin Sh. Sanaulı gumyrymdagy sanely oylarym [Conscious thoughts in my short life]. – Ekibastuz, 2011. – 416 p. [In Kazakh]. Bogetbay Almagambet. Torgaydagy azattyq koterilisi (tarixi oçherk-zertteuler) [Liberation uprising in Turgai (historical essay - research)]. – Astana: World. 2000. – 180 p. [In Kazakh].

Dobrosmyslov A.I. Turgayskaya oblast' (Istoricheskiy ocherk). [Turgai region (Historical sketch)]. // Bulletin of the Orenburg department of the Imperial Russian Geographical Society, Issue No. 17. – Tver, 1902. – 257-524 pp. [In Russian].

Er Keyki elinde («Ulı Dala tulǵaları: Keyki batır izimen» ǵılımi aǵartushılıq ekspediciyasınıń materialdarı boyınsha). [In the land of Er Keiki (according to the materials of the scientific-educational expedition «Persons of the Great Steppe: in the footsteps of Keiki batyr»)]. // Keiki batyr: country and heroic readings. Round table materials. - Kostanay, 2017. – 94 p. [In Kazakh].

Issenov O. 1916 jılǵı ult-azattıq koterilis qaharmanı Keyki batır [Matin] [The hero of the national liberation uprising of 1916 Keiki Batyr [Text] / Issenov O., Sherzat A. // «Alikhan Bokeikhan and Alash readings»: materials of the republican conference dedicated to the jubilee of the statesman, the leader of the party «Alash» A. Bukeikhana under the auspices of UNESCO and the 80th anniversary of the Kostanay region. – Kostanay: KSU. A. Baitursynova, 2016. – pp. 63-65. [In Kazakh].

Issenov O. Batırlar institutı: evolyuciyalıq damu [Matin] [Batırlar institute: evolutionary development [Text] / O. Issenov // Scientific and methodical journal of Kazakh history. – 2020. - №1 (178). – pp. 13-15. [In Kazakh].

Issenov O. Torǵaydaǵı 1916 jılǵı koterilis: júzbası Qayranbay Malshılı. [Matin] [of 1916 in Turgai: Captain Kairanbay Malshyuly. [Text] / Issenov O. // Scientific and methodical journal of Kazakh history. – 2020. – №5 (182). – pp. 16-18. [In Kazakh].

Issenov O., 1916 jılǵı ult-azattıq köterilis jane alash ziyalıları [Matin] [National liberation uprising of 1916 and Alash intellectuals [Text] / Issenov O., Nauryzbaeva E. // «Aldamzhar readings – 2016»: Materials of the International scientific-practical conference «Aldamzharov readings – 2016»: materials of the international scientific-practical conference.– Kostanay: KATU named after academician Z. Aldamzhar, 2016. – pp. 142-146. [In Kazakh].

Issenov O., Sherzat A. Qol mergen Keyki batır [Matin]. [Hand sniper Keiki batyr [Text]] / O. Issenov O., Sherzat A. // Kostanay morning. – 2016. – April 12 (№39). –10 p. [In Kazakh].

Kelte Qara. Qazaqstanda Torǵay wezinde alamanshı qurıldı. [In Kazakhstan, a riot was created in Turgai district.] Aq jol. – 1922. – 6 may. – №169. [In Kazakh].

Keyki batyr (Nurmagambet Kokembayuly): omiri men oliminin tarixy [Keiki Batyr (Nurmagambet Kokembayevich): the story of his life and death]. Proceedings of the Republican scientific-practical conference. – Kostanay-Arkalyk, 2017. – 47 p. [In Kazakh].

Keyki batyr. Tarixi dastan. [Keiki Batyr. History of the hand]. – Almaty: «Education», 2001. – 153 p. [In Kazakh].

Kylyshbayuly A. Qulan Qypshaq Keyki batırdan son [After Kulan Kipchak Keiki batyr]. – Arkalyk, 1997. – 193 p. [In Kazakh].

Materials of the round table «Keyki batyr: erlik pen eldik tagylymy» [«Keiki batyr: heroism and country lessons»]. –Kostanay, 2017. – p. 94 [In Kazakh].

Meyer L. Kirgizskaya step'Orenburgskogo vedomstva // Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff [Kyrgyz steppe. Orenburg department.] 10 T.– Saint Petersburg, 1865.– 382 p.[In Russian].

Nurmanov A. Qulannıń ajalı: Roman. [Death of Kulan: Novel]. – Almaty: Raritet, 2005. – 224 p. [In Kazakh].

Suleimen M. Keyki Kokembayuly [Keiki Kokembayuly]. –Pavlodar: «Publishing house of IP Sytin N.I», 2017. – 404 p. [In Kazakh].

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А. ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
Әбсадық А.А. КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР	44
Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА	57
Әпендиев Т.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
Байдалы Р.Ж. 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ү.Д. «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
Бисембаева Л.А. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
Борбасов С.М. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
Ескеева М.Қ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т. ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
Жүгенбаева Ғ.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша	168
Иембекова М.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Исенов О.И. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
Кабдушев Б., Шілдебай С. ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
Қабыл А.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
Қаипбаева А.Т. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
Қозыбаева М.М. XX ғ. 30-ШЫ ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ БАТЫС СІБІР АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ.....	304
Қоңқабаева Н.Н. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ	324
Мұхатова О.Х. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К. АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
Оспанов Н.М. ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБИ ҮШІН КҮРЕС.....	368
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
Садвокасова З.Т. ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
Сатанов А.Б. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	411
Серубаева А.Т. Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
Тусупов А.Р. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ҚАЛБА-НАРЫМ ӨҢІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ (1991 жылға дейін).....	484
Шотанова Ғ.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ	495
Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұмағатов Д. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН	507

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А. УЧЕННЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
Абсадык А.А. КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
Абсадык А.А., Исенов О.И. КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
Апендиев Т.Ә. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
Байдалы Р.Ж. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
Бисембаева Л.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
Борбасов С.М. ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
Ескеева М.Қ. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ	131
Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т. СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
Жугенбаева Г.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С. КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий	168
Иембекова М.О. СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
Исенов О.И. ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
Кабдушев Б., Шилдебай С. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
Кабыл А.А. ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
Каипбаева А.Т. МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

Кали А.Н. ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
Кали А.Н. УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
Козыбаева М.М. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.....	304
Конкабаева Н.Н. ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.....	324
Мухагова О.Х. МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К. СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
Оспанов Н.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
Садвокасова З.Т. ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
Сатанов А.Б. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
Серубаева А.Т. ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
Тусупов А.Р. ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В. ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д. СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Akynova A.P. INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
Aldazhumanov K., Shildebay S², Assanova S. FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A. ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
Absadyk A.A. KEIKI Mergen: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
Absadyk A.A., Issenov O.I. KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
Apendiyev T.A. DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
Baidaly R.Zh. KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D. HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
Bissembayeva L.A. THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF19 TH CENTURY -EARLY 20 TH CENTURY).....	100
Borbassov S.M. THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITS DEVELOPMENT.....	110
Yeskeyeva M.K. KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T. THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
Zhugenbayeva G. HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S. CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 st , 96 th and 105 th cavalry divisions.....	168
Iyembekova M.O. CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN	191
Ilyassova Z.S. ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
Issenov O.I. FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY.....	218
Kabdushev B., Shildebay S. CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
Kabyl A.A. FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 th – EARLY 20 th CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
Kaipbaeva A.T. MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
Kali A.N. CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
Kali A.N. THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

Kozybayeva M.M. KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
Konkabayeva N.N. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
Margulan D.A., Margulan A.S. OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
Mukhatova O.Kh. THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION	334
NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K. THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS	345
Ospanov N. HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES	358
Ramazanova F.S., Kakenova Z.K. ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
Rustemov S.K., Orazov R.E. THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
Sadvokassova Z.T. ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
Satanov A.B. HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
Serubayeva A.T. ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
Stamshalov E.I. ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
Tussupov A.R. POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
Shakenov S.T., Yergabylov A.E. BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V. THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D. SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй